

АЛТЫН АСТЫҚ

28 қазан - октябрь 2024 год

eginredaksiya.kz

№ 41(615)

Ақмола облысы құс еті және жұмыртқа өндірісі бойынша көшбасында

Ақмола облысы Агроөнеркәсіптік кешендегі өз позициясын нығайтып, құс еті мен жұмыртқа өндірісі бойынша Қазақстанның көшбасшылары қатарынан көрінді. Сонымен қатар, өңірде сүтті және етті мал шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Ауыл шаруашылығына салынған инвестиция көлемі де артқан. Бұл туралы брифингте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов мәлім етті, - деп хабарлайды Өңірлік коммуникациялар қызметі.

Орталық Азиядағы ең ірі Макинск құс фабрикасының іске қосылуының және «Ақ Дала Агро» қуатының артуына байланысты Ақмола облысының құс етін өндірудегі республика бойынша үлесі 30 пайызды құрады. Мұнда жыл сайын шамамен 125 мың тонна құс еті өндіріледі. Сонымен қатар, аймақ жалпы республикалық көлемнің 16 пайызын қамтамасыз ете отырып, тауық жұмыртқасын өндіру бойынша елдегі бірінші орынды иеленеді, бұл жылына 700 млн данаға тең.

Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың басым бағыттарының қатарында сүт және етті мал шаруашылығы бар. Қазіргі уақытта жалпы саны 2,4 мың басы бар 46 ет фермасы, сондай-ақ 36,5 мың басқа есептелген сегіз ірі бордақылау алаңдарынан тұратын желі жұмыс істейді. Сүт саласында жалпы саны 15 мыңнан асатын 57 мамандандырылған ферма бар.

«Жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында 6 мың басқа арналған жеті ірі тауарлы-сүт фермасын құру жұмыстары жалғасуда. Бұл тауарлық сүт өндірісін 40 мың тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Целиноград ауданында «АФ Родина» 1,1 мың басқа және «Али Дала» 1,5 мың басқа, сондай – ақ Аршалы ауданында «Теміг Агро» 600 басқа арналған үш тауарлы - сүт фермасы пайдалануға берілді», - деді басқарма басшысы. Облыс бойынша мал қыстату үшін қажетті бір жарым жылдық шөп қоры дайындалды.

Жыл басынан бері өңірде тірі салмақта 146 мың тонна ет, 184 мың тонна сүт және 526 млн тауық жұмыртқасы өндірілді. Бұл көрсеткіштер өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты өсуін білдіреді. Сонымен қатар, өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жақсы дамып келеді. Қазіргі уақытта 67 өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді, оның 16 ет өңдеумен, 15 сүт өңдеумен, 28 ұн тартатын кәсіпорын, ал 8 майлы дақылдарды өңдеуге маманданған.

Жыл басынан бері азық-түлік өндірісі 4,8 пайызға артты. Әсіресе сүт, өсімдік майы және ұн өндірісінің өсуі байқалады.

«Мемлекет басшысы алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптік сектордағы қайта өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндетін қойды. Осы мақсатқа жету үшін өңірде 80 инвестициялық жобаны іске асыру бойынша Жол картасы бекітілді. Биыл 17 жоба іске асырылып, инвестиция тарту жұмыстары жалғасады», - деп атап өтті Кенеш Әлімжанов.

Соболезнование

Жители Егиндыкольского района выражают искреннее соболезнование акиму района Курушину Юрию Викторовичу в связи с постигшим горем – безвременной кончиной **супруги Елены Викторовны.**

В это тяжелое для родных и близких время егиндыкольцы разделяют скорбь и горечь невосполнимой утраты. Светлая память всегда будет сильнее смерти.

Егіндікөлде Республика күніне арналған салтанатты іс-шара өтті



Егіндікөл ауылының аудандық мәдениет үйінде Республика күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Егіндікөл ауданының әкімі Юрий Курушин жиналғандарды айтулы мерекемен құттықтап, оның маңыздылығын атап өтті. «Республика күні - ұлтымыздың ең ұлы мерекесі құтты болсын! 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «ҚазКСР Мемлекеттік Егемендігі туралы» декларация қабылданды. Декларацияда Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі жарияланды, елдің саяси - құқықтық тәуелсіздігі бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оның қол сұғылмаушылығы атап өтілді. Ұлытаудағы ұлттық құрылтайда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды

ұсынып, тарихи және өте маңызды шешім қабылдады. Біздің ұлттық мерекеміз-Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша қайтарылған Республика күні еліміздің әрбір азаматы үшін маңызды мереке болуға тиіс. Мемлекеттің әрбір жетістігі-еліміздің игілігі, халқымыздың қуанышы», - деді аудан әкімі Юрий Курушин салтанатты шарада. Бірқатар азаматтар ауданның елеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Құрмет грамоталар және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, қатысушыларға мерекелік сыйлық ретінде Егіндікөл ауданы әртістерінің қатысуымен концерттік бағдарлама ұсынылды.

өз ақпарат

В Егиндыколе состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню Республики

В районном Доме культуры села Егиндыколь состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню Республики.

Аким Егиндыкольского района Юрий Курушин поздравил собравшихся со знаменательным праздником и отметил его важность. «С Днем Республики — величайшим праздником нашей нации! 25 октября 1990 года решением Верховного Совета Казахской ССР была принята декларация «О государственном суверенитете КазССР». В декларации был провозглашен государственный суверенитет Казахской ССР, изложена программа политико-правовой независимости страны. Подчеркивалась целостность территории страны, ее неприкосновенность. На Национальном курултае в Улытау глава государства Касым-Жомарт Токаев принял историческое и очень важное решение, предложив вернуть статус

национального праздника Дню Республики. Наш национальный праздник — День Республики, который был возвращен по предложению главы государства, должен стать важным праздником для каждого гражданина страны. Каждое достижение государства - это благо нашей страны, радость нашего народа» - сказал аким района Юрий Курушин на торжественном мероприятии.

Ряд граждан были награждены медалями и почетными грамотами, благодарственными письмами за вклад в социально-экономическое развитие района.

Кроме того, в качестве праздничного подарка участникам была представлена концертная программа с участием артистов Егиндыкольского района.

Соб. инф.



Тәуелсіздік таңы

Таң атты еркін, азат күнім туды,
Желбірейді көк туым, биік шыңы.
Тарихыңда жазылған алтын әріппен,
Қазақстан, сенің еркін елдік жырың.

Ұлы дала төсінде ойнап жел,
Азаттықтың үнін бүкіл ел тыңдар.
Қайсар халық жүрегімен соққан,
Тәуелсіздік - мәңгілікке жалғанар.

Арайлап атқан күнде нұр молынан,
Жарқын болашақ сенен үлгі алған.
Бірлік пенен татулықтың туысы,
Қазақстаным, гүлдей бер әрқашан!

Демесинова Бахыт,
Егіндікөл ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің 10-сынып оқушысы

Менің Қазақстаным!

Қазақстан, Қазақстан!
Қуат аламын мен де одан.
Ыстық маған бар әлемнен,
Отанымыз -Қазақстан!

Асқар тауың, өзен -көлің,
Жыр жазамын арнап өзім.
Алыс кетсем сағынамын,
Келуге саған асығамын.

Ерденова Мадина
№2 Егіндікөл жалпы орта білім беретін мектебінің 3 -сынып оқушысы

Туған жерім

Туған жерім, туған елім,
Кіндік қаным тамған жерім.
Туғанымнан ойнап -өскен,
Айналдым сенен ыстық жерім.

Неткен ыстық Егіндікөлім,
Егінді алқап, байтақ жерім.
Сарыарқалы Отаным,
Осы менің туған жерім.

Амержан Ерулан
№2 Егіндікөл жалпы орта білім беретін мектебінің 5 -сынып оқушысы

«Алтын астық» аудандық газетіне 2025 жылға жазылу жалғасуда

Біздің газетке жазылуды кез-келген «Қазпошта» АҚ бөлімшесінде рәсімдеуге болады. Басылымға жазылудың біржылдық бағасы - 3183 теңге, жартыжылға-1592 теңге. Газеттің шығу мерзімі - аптасына бір рет, дүйсенбі күндері. Газеттің электрондық нұсқасына жазылуды редакцияның бухгалтериясында рәсімдеуге болады.

Сіз газеттің шығарылымын PDF форматында өзіңіздің электрондық поштаңыздың мекен-жайына газетті баспаханаға тапсыру кезінде ала-аласыз. Газеттің электрондық нұсқасына жазылымның бағасы -1000 теңге. Газеттің жартыжылдық жазылымын редакциядан алу (Победа көшесі,7) -1300 теңге. Жазылымның бұл нұсқасын Сіз редакцияның бухгалтериясында рәсімдей аласыз.

Егер де сіз біздің газетке жазылып, ол сізге келмесе немесе барлық нөмірлері бірдей келмесе, осы факт туралы «Алтын астық» редакциясына: 2-13-69 телефоны бойынша хабарласуыңызды өтінеміз. Газет мемлекеттік және орыс тілдерінде жарық көреді. Сіз біздің газеттен өзіңізге қызықты әрі пайдалы мәліметтер аласыз, аудан жаңалықтарын білетін боласыз, өзіңіздің және әріптестеріңіздің фотосуреті мен материалдарын көре аласыз! Біздің газет Егіндікөл ауданының тыныс- тіршілігіне немқұрайлы қарамайтын барлық жандар үшін үлкен сүйіспеншілікпен шығарылады.

Ақмола облысында 354 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қорғалды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызметшілердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бағытында 2024 жылдың тоғыз айы бойынша қызметінің қорытындысын шығарды. Мәселен, талданып отырған кезеңде Департамент жүргізілген тексерулер мен өтініштерді қарау қорытындылары бойынша 78 мемлекеттік қызметшінің құқықтарын қорғады және қалпына келтірді, олардың басым бөлігі мемлекеттік органдарда профилактикалық бақылаулар мен жоспарлы тексерулердің қорытындылары бойынша – 70 және 8 жоспардан тыс тексерулер мен азаматтардың өтініштері бойынша. Мысалы, қызметкердің тәртіптік жауапкершілікке тартылумен келіспеу туралы өтінішін қарау қорытындысы бойынша және тәртіптік комиссияның шешімімен Департаменттің бұзушылықтарын жою туралы ұсыныс негізінде тәртіптік комиссияның шешімі жойылды және орындаудан кері қайтарылды. Кейбір жағдайларда Департамент қызметшінің құқықтарын қалпына келтіру туралы талаптарды сот органдарында да сүйемелдейді, осылайша, Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасарының лауазымынан босатуға келіспеу туралы өтінішін қарау нәтижелері бойынша Департаментпен тәртіптік жаза қолдану тәртібін өрескел бұзушылықтар анықталды және тексеру қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізілді. Бұдан басқа, қызметші бұзылған құқықтарды қорғау туралы талап арызбен сотқа өз бетінше жүгінді, ал Департамент талапкер тарапынан үшінші тұлға ретінде процеске кіре отырып, қызметшінің тәртіптік жауапкершілікке тарту кезінде орын алған бұзушылықтарды көрсетті. Қорғалжын аудандық сотының шешімімен қызметші атқарып отырған лауазымына қалпына келтірілді, сондай-ақ сот жұмыс берушіге мәжбүрлі жұмысқа келмегені үшін жалақы сомасын, сондай-ақ келтірілген моральдық зиян үшін өтемақы төлеуді міндеттеді. Талдау жұмыстарын жүргізуге ерекше көңіл бөлінеді, осылайша, жүргізілген талдаулардың қорытындысы бойынша 98 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтік автокөлікті жеке мақсатта пайдалануға тыйым салуға байланысты шектеулерді сақтау

жөніндегі қызметін талдау қорытындысы бойынша Бурабай ауданының құрылыс бөлімінің қызметкерлері іссапар шығындарын төлемей бірнеше рет іссапарға жіберілгені анықталды, бұл туралы қызметкерлерден оларды төлеуден ерікті түрде бас тартуға өтініштер талап етілді.

Ал қолданыстағы заңнама мұндай бас тартуды көздемейді, ал осы төлемдерді қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктеріне жатқызуға байланысты жұмыс берушінің қызметкерге іссапар шығындарын өтеуі міндетті болып табылады. Демек, жұмысшылар іссапар шығындарын алу құқығынан негізсіз айырылды. Департамент араласқаннан кейін мемлекеттік органның екі қызметкеріне 88 608 теңге сомасына іссапар шығыстары төленді және аталған адамдардың құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан басқа, мемлекеттік органдардың тәртіптік практикасын талдау қорытындысы бойынша жаза қолдану туралы 19 заңсыз актінің күші жойылды. Бұл жерде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңының 9-бабының 14) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметші оның пікірі бойынша негізсіз айыпталулар болған кезде қызметтік тергеп-тексеруді талап етуге құқылы екенін атап өткен жөн.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, уәкілетті адамдар көрсетілген талаптарды ескермей, қызметтік тергеп-тексеру жүргізбестен, келісімі болмаған кезде қызметшілерге жаза қолданады, жекелеген жағдайларда және акт шығарар алдында жазбаша түсініктеме талап етпейді.

Жұмыс уақытының режимін сақтау мониторингі бойынша жүргізілетін жұмыстың қорытындысы бойынша 189 қызметшінің құқықтары қорғалды және қалпына келтірілді, осылайша 117 мемлекеттік органға бару қорытындысы бойынша 12 акт жасалды, оның негізінде 40 қызметшіге демалыс сағаттары берілді, 149 қызметшінің құқықтары есепке алуды бақылау жүйесінің мониторингі арқылы қалпына келтірілді, оның нәтижелері бойынша оларды үстеме жұмысқа тарту фактілері анықталды. Барлық қабылданған шаралар бізге еңбек бұзушылықтарының санын қысқартуға, сол арқылы мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

В Акмолинской области защищены права 354 государственных служащих

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области подведены итоги деятельности за девять месяцев 2024 года в части восстановления нарушенных прав государственных служащих.

За указанный период Департаментом по итогам проведенных проверок и рассмотрения обращений были защищены и восстановлены права 78 государственных служащих, большая часть из которых по итогам профилактических контролей и плановых проверок в государственных органах – 70 и 8 по итогам внеплановых проверок и обращениям граждан. К примеру, по итогам рассмотрения обращения служащего о несогласии с привлечением к дисциплинарной ответственности и решением дисциплинарной комиссии на основании представления об устранении нарушений Департамента отменено и отозвано с исполнения решение дисциплинарной комиссии.

В отдельных случаях Департамент сопровождает требования о восстановлении прав служащего и в судебных органах, так, по результатам рассмотрения обращения заместителя акима Коргалжынского района о несогласии с увольнением с должности Департаментом установлены грубые нарушения порядка наложения дисциплинарного взыскания и по итогам проверки внесено предписание об устранении выявленных нарушений.

Кроме того, служащий самостоятельно обратился в суд с иском о защите нарушенных прав и Департамент, вступив в процесс в качестве третьего лица на стороне истца, указал на имевшие место нарушения при привлечении служащего к дисциплинарной ответственности.

Решением Коргалжынского районного суда служащий был восстановлен в занимаемой должности, а также суд обязал работодателя выплатить сумму заработной платы за время вынужденного прогула, а также компенсацию за нанесенный моральный вред. Особое внимание уделяется и проведению аналитической работы, так, по итогам проведенных анализов восстановлены права 98 государственных служащих.

К примеру, по итогам анализа деятельности территориальных подразделений центральных государственных органов и местных исполнительных органов по соблюдению ограничения, связанного с запретом использования служебного автотранспорта в личных целях было установлено, что работники Отдела строительства Бурабайского района неоднократно направлялись в командировки без выплаты командировочных расходов, о чем от работников истребовались заявления на добровольный отказ в их выплате.

Тогда как, действующее законодательство не предусматривает подобный отказ, а возмещение работнику командировочных расходов работодателем является обязательным, ввиду отнесения данных выплат к социальным гарантиям работников. Следовательно, работники были необоснованно лишены права по получению командировочных расходов.

После вмешательства Департамента двум работникам госоргана выплачены командировочные расходы на сумму 88 608 тенге и права указанных лиц были восстановлены.

Кроме того, по итогам анализа дисциплинарной практики государственных органов отменено 19 незаконных актов о наложении взысканий. Здесь следует отметить, что в соответствии с пунктом 14) статьи 9 Закона РК «О государственной службе Республики Казахстан», государственный служащий вправе требовать служебного расследования при наличии обоснованных, по его мнению обвинений. Однако, как показывает практика уполномоченные лица без учета указанных требований, без проведения служебного расследования при отсутствии согласия налагают на служащих взыскания, в отдельных случаях и вовсе перед изданием акта не истребуют письменное объяснение.

По итогам проводимой работы по мониторингу соблюдения режима рабочего времени защищены и восстановлены права 189 служащих, так по итогам посещения 117 государственных органов составлено 12 актов, на основании которых 40 служащим предоставлены часы отгула, права 149 служащего

восстановлены посредством мониторинга системы контроля учета доступом, по результатам которого установлены факты их привлечения к сверхурочной работе.

Все принимаемые меры позволяют нам сократить количество трудовых нарушений, тем самым обеспечить реализацию защиты прав и законных интересов государственных служащих.

Дархан Хайруллин,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі

Ақмола облысында 949 мемлекеттік қызметші біліктіліктерін арттырды

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру - бұл мемлекеттік қызметтің адами капиталын дамытудың шешуші процесі.

Мемлекеттік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметшілер лауазымға тағайындалған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей қайта даярлауға, 3 жылда бір реттен сиретпей біліктілікті арттыру курстарына жіберіледі. Сондай-ақ, егер мемлекеттік қызметші жыл қорытындысы бойынша

«функционалдық міндеттерін қанағаттанарлықсыз түрде атқарады» деген баға алған жағдайда біліктілікті арттырудан бағалау нәтижесі жарияланған күннен бастап 3 ай ішінде өтеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ақпаратына сәйкес 2024 жылдың 9 айы ішінде 949 мемлекеттік қызметші оқытылды. Атап айтқанда біліктілікті арттыру курстарынан 825 мемлекеттік қызметші, қайта даярлау курстарынан 124 мемлекеттік қызметші өтті.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында оқытудың жаңа белсенді формалары мен әдістері қолданылатынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар 130 мемлекеттік қызметшінің тағылымдамадан өтуі ұйымдастырылды. Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған 189 қызметшіге сынақ мерзімі тағайындалып, 105 адам сынақ мерзімінен сәтті өтті.

Бұл бағыттағы жұмыс тұрақты негізде жалғасады.

В Акмолинской области обучено 949 государственных служащих

Переподготовка и повышение квалификации государственных служащих - важнейший процесс развития человеческого капитала государственной службы.

В соответствии с действующим законодательством в сфере государственной службы государственные служащие не позднее 6 месяцев со дня назначения на должность направляются на переподготовку, не реже одного раза в 3 года - на курсы повышения квалификации. Также, в случае если по итогам года государственный служащий получил оценку «выполняет функциональные обязанности

неудовлетворительно», повышение квалификации проходит в течение 3 месяцев со дня объявления итогов оценки.

Согласно информации Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области за 9 месяцев 2024 года обучено 949 государственных служащих. В частности, курсы повышения квалификации прошли 825 государственных служащих, курсы переподготовки прошли 124 государственных служащих.

Стоит отметить, что в процессе организации учебного процесса используются новые активные формы и

методы обучения.

Также стажировку прошли 130 государственных служащих.

189 лицам, впервые принятым на государственную службу назначен испытательный срок, успешно преодолели 105 человек.

Работа в этом направлении будет продолжена на постоянной основе.

Жазира Сейтмағанбетова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі

Ақмола облысында мемлекеттік қызметтегі басшы әйелдердің үлесі 44,1% құрайды

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті 2024 жылдың 9 айы бойынша жұмыс қорытындысын шығарды. Мемлекеттік аппараттың кадрлық жай күйіне жүргізілген мониторинг нәтижесі мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамының жақсарғанын көрсетіп отыр. Мемлекеттік қызметшілердің 28,6% - 35 жасқа дейінгі жастар. Мемлекеттік қызметшілердің 89,7% жоғары білімге, 16,7% екі не одан артық жоғары білімге ие. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметте ғылым кандидаттары, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының және шетелдік білім беру түлектері жұмыс істейді.

Гендерлік саясат сәтті жүзеге асырылуда - мемлекеттік қызметшілердің 1870 немесе 65% әйелдер. Жалпы,

облыстың мемлекеттік қызметінің басшылық лауазымдарында 435 әйел жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жалпы басшы құрамның 44,1% құрайды. Басшылық лауазымдардағы әйелдердің құрамы келесідей:

- облыс әкімінің орынбасарлары - 0,2%
- қалалардың, аудандардың әкімдері және олардың орынбасарлары - 2%
- аппарат басшылары және олардың орынбасарлары - 3,8%
- облыстық басқармалардың басшылары және олардың орынбасарлары - 3,3%
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары - 36,6%
- ауылдық округтердің әкімдері және олардың орынбасарлары - 10,6%
- дербес бөлімдердің басшылары және олардың

Доля женщин-руководителей на госслужбе в Акмолинской области составляет 44,1%

Департаментом Агентства РК по делам государственной службы по Акмолинской области подведены итоги деятельности за 9 месяцев 2024 года. Мониторинг состояния кадров госаппарата области показывает улучшение качественного состава госслужащих.

Порядка 28,6% служащих - молодые специалисты в возрасте до 35 лет. 89,7% госслужащих имеют высшее образование, 16,7% имеют два и более высших образования. Также на госслужбе трудятся кандидаты наук, обладатели международной стипендии «Болашақ», выпускники Академии государственного управления при Президенте РК и зарубежного образования.

Успешно реализуется гендерная политика - 1870 служащих или 65% составляют женщины. В целом,

на руководящих должностях государственной службы области работают 435 женщин. Данный показатель составляет 44,1% от общего руководящего состава. Представленность женщин на руководящих должностях выглядит следующим образом:

- заместители акима области - 0,2%
- акимы городов, районов и их заместители - 2%
- руководители аппаратов и их заместители - 3,8%
- руководители областных управлений и их заместители - 3,3%
- руководители структурных подразделений - 36,6%
- акимы сельских округов и их заместители - 10,6%
- руководители самостоятельных отделов и их заместители - 24,2%
- заведующие секторами - 19,3%

Карьерное продвижение служащих, по-прежнему, имеет

орынбасарлары - 24,2%

- сектор меңгерушілері - 19,3%

Қызметшілердің мансаптық ілгерілеуі оң серпінге ие: ішкі конкурстардың қорытындысы бойынша тағайындалған қызметшілердің 79,3% жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. Мемлекеттік органның ішінде 112 мемлекеттік қызметші ауысу тәртібімен тағайындалды, олардың 41,9% жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. Бұдан басқа, қатарынан төрт тоқсан ішінде қызметті бағалаудың жақсы нәтижелерін көрсеткен 6 мемлекеттік қызметші жоғары тұрған лауазымдарға тағайындалды. Сондай-ақ, соңғы 3 жылда мемлекеттік қызмет жүйесінен босатылған адамдардың саны азайып келеді. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш 1% құрайды.

положительную динамику: из назначенных по итогам внутренних конкурсов служащих - 79,3% назначены на вышестоящие должности. 112 государственных служащих назначены внутри госоргана в порядке перевода, из них 41,9% - на вышестоящие должности. Кроме того, 6 государственных служащих, получивших хорошие результаты оценки деятельности в течение четырех кварталов подряд, назначены на вышестоящие должности.

Также за последние 3 года снижается количество лиц, уволенных из системы государственной службы. На текущий момент данный показатель составляет 1%.

Жазира Сейтмағанбетова,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаментінің ресми өкілі

Қашықтықтан бақылау нәтижесінде 154 қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы бойынша департаменті «Е-лицензиялау» жүйесіндегі қашықтықтан мониторинг қорытындысы бойынша 154 көрсетілетін қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді. Осылайша, «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу» қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту жер комиссиясының қорытындысы негізінде қабылданады.

Алайда, Целиноград ауданының жергілікті атқарушы органы 180 қызмет алушыға олардың өтінімдерін кворум болмауына байланысты жер комиссиясында қарастырмай бас тартқан.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 13-бабының талаптарына орай мемлекеттік органның жер комиссиясының кворумын қамтамасыз ете алмауы, қызмет алушыға ауыртпалық тудырмауы тиіс. Осыған байланысты Департамент әкімдікке жедел жер комиссиясының кворумын қамтамасыз етіп, қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру туралы нұсқау енгізді.

Нәтижесінде, қызмет алу үшін жүгінген 154 азаматтың өтініштері жер комиссиясында қарастырылып, олардың 47 жер учаскелерін ұсыну туралы оң шешім алды.

ҚР МҚІА Ақмола облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтерді көрсету басқармасының ақпараты

В результате дистанционного контроля восстановлены права 154 граждан

Департаментом Агентства по делам государственной службы по Акмолинской области по итогам дистанционного мониторинга в системе «Е-лицензирование» восстановлены права 154 услугополучателей.

Так, в соответствии с Правилами оказания государственной услуги «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (аукционов)» отказ в оказании государственной услуги принимается на основании заключения земельной комиссии. Однако в ходе мониторинга установлено, что местный исполнительный орган Целиноградского района 180 гражданам отказал в оказании государственной услуги, не рассмотрев их заявки на заседании земельной комиссии ввиду отсутствия кворума.

В силу требований статьи 13 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан тот факт, что государственный орган не смог обеспечить правомочность заседания комиссии, не должен повлечь для услугополучателя обременяющих последствий.

В связи с чем, Департаментом в акимат внесено указание о необходимости обеспечения кворума заседания земельной комиссии и восстановления нарушенных прав заявителей.

В результате чего, заявление 154 услугополучателей, из числа обратившихся, рассмотрены на заседании земельной комиссии, 47 из них получили положительные заключения о предоставлении прав на земельные участки.

Данышпандық мерекесі

Қарттар күні - біз әжелер мен аталарды ерекше назарға алатын мейірімді және жарқын мереке. Бұл мереке бүгін өте маңызды. 23 қазанда «Сұңқар» тойханасына салтанатты шараға 50-ден астам Егіндікөл тұрғыны шақырылды. Қонақтар арасында - барлық қызмет саласының ардагерлері: егіншілер, мал өсірушілер, мұғалімдер, дәрігерлер бар. Олардың барлығы көп жылдарын сүйікті жұмыстарына арнап, Егіндікөл ауданының дамуына зор үлес қосты. - Қарттар күні мерекесі ұрпақтар сабақтастығын білдіреді, - деді аудан әкімі Юрий Курушин. - Мерекенің

басты мәні - аға ұрпақ пен олардың жетістіктерін әрдайым құрметтеу. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында біз бүгін бейбітшілік пен игілікте өмір сүрудеміз. Баршамызды мерекемен құттықтаймын! Денсаулық, бақыт, амандық! Сіздер біз үшін өте маңызды адамдарсыз. Сіздер халық игілігі үшін еңбек етіп келесіздер. Аудандық мәдениет үйінің әртістері концерттік бағдарлама дайындап, өткен жылдардың танымал әндерін орындады.

Письмо в номер

Благодарность

Уважаемый Юрий Викторович!
Мы, семья Завадских, от чистого сердца хотим выразить Вам и Вашей семье огромную и искреннюю благодарность за внимание и неоценимую помощь в приобретении инвалидной коляски, ремонте подъездного места к нашему дому. Для нас это очень важно и дает силы жить дальше, верить, что есть ещё неравнодушные люди в нашем современном беспокойном мире. С приходом Вас в наш район в качестве акима района жизнь егиндыкольцев, особенно лиц с ограниченными возможностями и одиноко проживающих пенсионеров, становится все лучше и комфортнее. И самое главное, в наш район наконец пришла вода! Пусть всё хорошее, что Вы делаете, вернется к Вам сторицей. Желаем Вам крепкого здоровья, успехов и дальнейших достижений в Вашем нелёгком труде на благо нашего Егиндыкольского района! Огромное Вам СПАСИБО!

100 лет со дня рождения Черней Михаила Абрамовича и Пукова Николая Васильевича



Черней Михаил Абрамович родился 28 сентября 1924 года. В декабре 1941 года, добровольцем ушел на фронт. Фронтовой путь начал с Брянска потом была Курская дуга, бои в Польше, Чехословакии, Германии. Принимал участие в штурме Рейхстага. Во время боя получил двойное ранение легкого. Затем служил на Дальнем Востоке до 1957 года. За трудовые и боевые заслуги был награжден орденами и медалями. Орден Великой Отечественной войны, 4 ордена Красной звезды. Медали «За отвагу», «За освобождение Варшавы», «За освобождение Праги», «За взятие Берлина», «За Победу над Германией», «Отличник пограничных войск», «Ветеран труда». Пуков Николай Васильевич родился 28 октября 1924 года. Войну встретил, когда ему было 17 лет. Его боевой путь начался под Москвой. С боями прошел Украину, Белоруссию, Польшу и день Победы встретил в Пруссии. Но и здесь для него война не закончилась, он был переброшен на Забайкальский фронт, где воевал с Японией. Был награжден медалями «За оборону Москвы», «За освобождение Варшавы», «За победу над Германией», «За освоение целины». С 1962 года Николай Васильевич жил и работал в селе Ушакова. Все его хорошо знали, как скромного и трудолюбивого человека. Низкий поклон Вам ветераны за ваш подвиг.

На снимке: Черней М.А.

Государственный архив Егиндыкольского района



Праздник мудрости

День пожилого человека – это добрый и светлый праздник, в который мы окружаем особым вниманием бабушек и дедушек. Этот праздник очень важен сегодня. 23 октября на торжественное мероприятие в тойхану «Сункар» пригласили более 50 егиндыкольцев. Среди гостей - ветераны всех сфер деятельности: земледельцы, животноводы, учителя, врачи. Все они посвятили многие годы любимой работе и внесли огромный вклад в развитие Егиндыкольского района. - Праздник День пожилых означает преемственность поколений, - сказал аким района Юрий Курушин. -

Главный смысл праздника в том, чтобы мы всегда уважали старшее поколение и их достижения. Благодаря вашему труду мы сегодня живем в мире и благополучии. Хочу поздравить всех наших пожилых с праздником! Здоровья, счастья, благополучия! Вы являетесь для нас очень важными людьми. Вы трудитесь и продолжаете трудиться во благо народа. Артисты районного Дома культуры подготовили концертную программу, были исполнены популярные песни прошлых лет.

Соб. инф.

<p>Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru</p>					
<p>Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна</p>	<p>Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі. Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін.</p>	<p>Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты.</p>	<p>Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия</p>	<p>Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.</p>